

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 15 қазандағы № 270 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 13 қарашада № 5152 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 3 маусымдағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкiмдiгiнiң 03.06.2015 № 99 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттiк мүлiк туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, "Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысына сәйкес Денисов ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары б е к i т i л с i н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкiмiнiң орынбасары Е . Н . П о д е л о в а жүктелсiн .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Е. Жаманов

Ә к i м д i к т i н

2014 жылғы 13 қазандағы

№ 270 қаулысымен бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесi 1 айлық есептiк көрсеткiштi құрайды.

1. Мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiсiн мүлiктiк жалдауға (жалға алуға)

арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша е с е п т е л е д і :

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \quad \text{мұндағы:}$$

Жа - мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерleme;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Денисовка, Некрасовка, Антоновка ауылдар	1,6
Денисов ауданының ауылдық округтері және ауылы	1

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \quad \text{мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша е с е п т е л е д і :

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S – ауданы (шаршы метр);

Бм – базалық мөлшерleme;

K_1 – объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 – құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ – жылдық жұмыс уақытының балансы;

N – жылдық сағат саны;

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:

$$Ж = (Ж_n / ЖУ) * N, \quad \text{мұндағы:}$$

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Ж_n$ – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

ЖУ – жылдық жұмыс уақытының балансы;

N – жылдық сағат саны.